

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ-ҰСТАНЫМЫ ЖАҚСЫ

ЖАРИЯЛАНДЫ
21.03.2021СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/92538/

Талдықорған қаласының №14 орта мектеп гимназиясының 2Б сынып оқушысы
Капжасарова Енлик Ержанқызы
Сынып жетекшісі: Апарикажықызы Алия

ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ-ҰСТАНЫМЫ ЖАҚСЫ

Қазіргі дамыған заманда оқушыларды жалпы білімін көтеру, біліктілігі мен дағдыларын қалыптастырып, бүгінгі оқушы, ертеңгі білікті маман екенін ескере отырып, оларға кәсіби білім беріп, қабілеті мен дарынын аша білу, шығармашылыққа бағыт бағдар беру — әр мұғалімнің мақсаты. Қажырлы еңбегімен оқушыларға саналы білім мен тәлім-тәрбие беріп жүрген ұстаздардың бірі Талдықорған қаласының №14 орта мектеп-гимназиясының 2Б сыныбының жетекшісі Алия Апарикажықызы. Өзінің 10 жылдық тәжірбиесінің арқасында біздің сыныптағы барлық оқушыларды қалалық, облыстық, республикалық байқауларға, олимпиадаларға қатыстырып келеді. Соның бірі Ұлы Абай Құнанбаевтың 175 жылдық тойына арналған конкурста қатыстырды. «Қош келдің Алтын күз» атты республикалық байқауына, «Тәуелсіздік-мәңгілік елдің тұғыры» атты Республикалық байқауына қатыстырды. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші өз ұстазымнан үлгі алып Алия Апарикажықызының қолдауымен көптеген Республикалық конкурстарға, олимпиадаларға қатысып жүлделі орындар алып жүрмін. Соның бірі «Тәуелсіздік-мәңгілік елдің тұғыры» атты Республикалық байқауына қашықтықтан қатысып 1 дәрежелі дипломға ие болдым. Жақында «Қыс қызығы-2021» тақырыбында ұйымдастырылған республикалық байқауынан 1 дәрежелі диплом алдым. Сонымен қатар Республикалық «WUNDERKIND» журналына бірнеше рет өз жұмыстарымды жариялап үлгердім. Өстіп сайыстарда жүлделі орын алып, оқуда оқу озаты болу менің сүйікті ұстазым Алия апайымның арқасы. Шәкірттік өмірде осындай үлгілі ұстазымның болғанына қуанамын. Ғабиден Қожахмет ағамыздың Қастерлі тұлға - Мұғалім деген өлені ойыма келіп отыр

Білімнің ғана тиегі,

*Мектебін жаны сүйеді.
Қарапайым мамандық-
Ұстаздық атты киелі.*

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.